



## ТЕҢГЕГҮЛ ЖАЙЛЫ АҒЫЗ

### 3-тарау

Бірде Арнұр Теңгегүлге:

– Өткенде мұғалім бізге заттар массасының сақталу заңы жайлы айтқан еді. Бұл заңда «ешнәрсе жоқтан пайда болмайды» делінген екен. Сонда сенің теңгелерің қайдан шығады? – деді.

Теңгегүл ләм деместен күлтесін сілкіп қалып еді, бір

қойған едім. Енді содан осылай пайыз түсіп жатыр.

– «Гүлдер банкі» деген де бола ма? – деді Дана таңырқап.

– Әрине! – деді Теңгегүл.

– Ондай банк мен секілді сиқырлы гүлдерге қызмет көрсетеді. Теңге-дәнектерімізді бір жерге сақтауымыз керек қой. Түскен жерінде жата берсе, кім көрінген алып

– Бар болғанда қандай! –

деді Теңгегүл. – Менің қартам жай карточка емес, алтын карта! Ол – Гүлдер банкінің ең танымал өнімдерінің бірі.


Осыны айтқан сиқырлы гүл иіле қалып, алтын күлтесінің бірін балаларға көрсетті. Қызығы сол, күлтеде сандар мен әлдебір түсініксіз жазу бар екен.

– Біздің елдегі банк жүйесі сендердікіне ұқсайды, – деді Теңгегүл. – Кейде «адамдар бұл жүйені бізден көшіріп алған ба?» деп таңғалатыным бар. Бізде көптеген кішігірім банк жұмыс істейді. Олардың барлығы елдегі бас банкке бағынады. Гүлдер елінің қазынасы осы банкте сақталады. Сонымен қатар, еліміздің бас банкі өзге банктердің қызметін бақылауда ұстап, мен секілді сиқырлы гүлдердің алдындағы міндетін қалтқысыз орындауын қамтамасыз етеді. Әрбір алтын теңге-дәнектің бағасын анықтайтын да осы банк. Ал қиын сәттерде бізге тірек те, қорған да болады.

\*\*\*

Көп ұзамай, күн ұясына қонып, бақшаның ішін ымырт жайлай бастады. Дәл осы сәтте Теңгегүлдің өзегінде тағы бір алтын теңге пайда болды.

– Бүгінгі күн мен үшін зая кеткен жоқ! – деді Теңгегүл қуана үн қатып. – Сендерге біраз нәрсе үйреттім. Соның арқасында алтын теңгелі болдым. Бұл теңгені дереу Гүлдер банкіндегі шотыма салсам деп отырмын. Теңгелерім жиналып, күні ертең мол байлыққа айналады. Ал сендерге және «Ұлан» оқырмандарына тапсырма: өз елдеріндегі банк жүйесі мен банктер жайлы ақпарат іздестіріп көріңдер. Қандай банк өнімдері барын да біліп алыңдар. Мұның бәрі алдағы дәрістерде қажет болады.



алтын теңгесі сыңғыр етіп, жерге түсті.

– Міне, ғажап! – десті мұны көрген балалар. – Неткен сиқыр десенші!

– Бұл – сиқыр емес! – деді Теңгегүл. – Сендерге мұғалім айтқан заңдағыдай, «ешнәрсе жоқтан пайда болмайды».

Қолдарыңдағы алтын теңге – менің табысым. Теңгелерімнің біразын Гүлдер банкіне салып

кетпей ме?! Ал Гүлдер банкінде теңгелеріміз сақталып қана қоймай, бізге табыс әкеліп тұрады. Керек кезінде банктен қарыз алуға да болады. Бірақ алған ақшаны үстіне пайыз қосып қайтарамыз.

– Кәдімгі банктегідей екен! – деді Арнұр басын шайқап. – Сонда сендердің төлем карталарын да бар ма?

– Карта дегенім – осы! – деді сиқырлы гүл. – Мен мұның көмегімен Гүлдер еліндегі кез келген банкоматтан ақша ала аламын. Бастысы, құпия кодты ешкім білмеуі керек.

\*\*\*

Балалар Теңгегүлге қас қарайғанша сұрақтарын жаудырумен болды. Оларды Гүлдер еліндегі банк жүйесінің құрылымы қызықтырған еді.

## ТЕҢГЕГҮЛДІҢ КЕҢЕСТЕРІ

1. Банк – ақшаны сақтап, қарыз беру құқығына ие қаржы мекемесі.

2. Қазақстанда қос деңгейлі банк жүйесі жұмыс істейді.

3. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі бірінші деңгейдегі банк, еліміздің бас банкі немесе орталық банкі саналады.

Оны, сондай-ақ, Үкіметтің негізгі қаржы кеңесшісі

деуге болады. Ұлттық Банк еліміздің ақша белгілерін, яғни, банкноттар мен монеталарды айналымға шығару құқығына ие. Бұған қосымша, Ұлттық Банк коммерциялық банктердің қызметін бақылайды. Ал коммерциялық банктер екінші деңгейдегі банктер саналады.

4. Коммерциялық банктер тұрғындармен,

кәсіпорындармен тікелей жұмыс істейді. Оларға несие беріп, депозиттер ашады.

5. Кез келген коммерциялық ұйым секілді банктер де тұтынушыларға өз «тауарын», яғни банк өнімдері мен қызметтерін ұсынып, пайда табады.

**Сен білесің бе?**


«Капитал» және «капитан» сөздерінің түп-тамыры

бір. Екеуі де латын тіліндегі «caput» деген сөзден (мағынасы – бас) шыққан.

«Банк» сөзі тілімізге Еуропа тілдерінен ауысқан. Бұл сөздің түп «атасы» – итальян тіліндегі «banco»

(орындық, айырбасқор сөресі) сөзі. Қазіргі таңда «банк» – халықаралық термин. «Ірі қаржылық-кредиттік мекеме» деген мағына береді.

**Банк** – жекелеген азаматтар мен кәсіпорындар арасындағы қаржылық дәнекер іспеттес. Салым қабылдап, қарыз беру – банктің басты міндеті.







# ЖАС ҚАРЖЫГЕРДІҢ ОЙЫНХАНАСЫ



## ҮЙРЕТКІШ КОМИКС

## ШАТАСТЫРМА ОЙЫН «БАНК ӨНІМДЕРІН ЖИНА»

### Мемлекеттің банк жүйесі жайлы суретті әңгіме

Арнұр мен Дана сиқырлы Қаржы орманында адасып кетті. Жол тауып, орманнан шығу үшін олар осы орманда өсіп тұрған банк өнімдерін арнайы себетке жинауы керек. Балалар ормандағы сан соқпақтың бірін ғана таңдаса, тапсырманы ойдағыдай орындайды. Ендеше, оларға көмектесіп жіберейік. Сәттілік!

Мемлекеттің банк жүйесі адамның қан айналымы жүйесіне қатты ұқсайды. Ол тұрғындар мен кәсіпорындар арасындағы қаржы ағынын қамтамасыз етеді.

Банк жүйесіне орталық банк, коммерциялық банктер мен өзге де кредиттік-есеп айырысу орталықтары кіреді.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі – еліміздің бас банкі. Ол мемлекеттің бас банкирі міндетін атқара отырып, тұтас қаржы жүйесін бақылауда ұстайды.

Коммерциялық банктер тұтынушылармен тікелей жұмыс істеп, банк операцияларының барлық түрін жүзеге асырады.

- Депозит
- Банктің төлем картасы
- Кредит
- Қолма-қол ақшасыз төлемдер
- Интернет-банкінг
- Инвестициялық өнімдер

## АСТАРЛЫ ЕСЕПТЕР

Арнұр мен Дана Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі мен коммерциялық банктердің функциялары жазылған парақшаларды реттеп қойып еді, кенеттен жел тұрды да, жан-жаққа шашып тастады. Енді оларды қайта жинау керек. Сендер де балаларға көмектесіп, парақшаларды рет-ретімен сызық арқылы бір-біріне қосыңдар.

ҰЛТТЫҚ БАНКТИҢ НЕГІЗГІ ФУНКЦИЯЛАРЫ.		КОММЕРЦИЯЛЫҚ БАНКТЕРДІҢ ФУНКЦИЯЛАРЫ.	
Қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқығын қорғау	Азаматтар мен фирмаларға кредит беру	Кредиттік ақша (банкнот) шығарудың монополиялық құқығы	Елдің алтын қорын сақтау
Елдегі ақша айналысы мен ұлттық валютаның айырбастау бағамы	Қолма-қол ақшасыз төлемдерді жүзеге асыру	Коммерциялық банктердің қызметін бақылау	Бағалы қағаздарды сату және сатып алу
Үкіметтің бас банкирі мен қаржылық кеңесшісі	Ақшалай шоттарды ашу мен жүргізу	Жаңа банк өнімдерін шығару	Валюта айырбастау
	Валюта айырбастау		Үкіметке бюджетті басқаруға көмектесу

